

Мәдениетті ту еткен Қайыңды

«Кеудесіне жан берген табиғаттың туындысы ретінде құс бет алған бағытынан адаспау үшін қанатына қарап ұшады» деген ел арасында әйгілі сөз бар. Сол секілді, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеуде салт-дәстүр, әдет-ғұрып, рухани байлық - тұнып тұрған өнер, ұлттық мәдениетімізді насихаттауда өнер ордалары мен мәдени ошақтарда атқарылар істердің маңызы зор.

Жасыратыны жоқ, нарықтың оғы ақсатқан, шаруасы тұралап қалған ауылдардан жұмыс іздеп қалаға босқан жастар қазіргі таңда шаруа басы, тіршілік тамыры ауылдан бастау алатынын білсе ғой. Күндіз түні еңбекпен таңын

атырып, күнін батыратын ауыл тұрғындарына жақсы көңіл күй, рухани дем бергің келеді. Жылдың он екі айында «салауатты өмір салты», «мәдени мұра», «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, «жастардың бос уақытын ұйымдастыру» мақсатында жоспарлы түрде мәдени іс-шаралар өткіземіз. Осындай іс шаралар негізінде Қайыңды ауылдық мәдениет үйінде биылғы балалар жылына орай «Ерте, ерте, ертеде...» атты тақырыпта ертегілер айту сайысы, Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала тілі бал...» атты мерекелік іс-шара, тіл жанашыры, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының - 150 жылдығына орай «Азаттықты аңсаған Алаш ұлы.» атты көрме және «Тіл жанашыры» тақырыбымен баспасөз бетіне мақала жарияланды. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай кең көлемде мерекелік іс-шара өткізілді. «Жеңіс күні», «Алғыс айту күні», «Аналар мерекесі» өнерпаздарымыздың қатысуымен көрермен-

ге тамаша көңіл күй сыйлады. «Бірлігі жарасқан ел озады» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Қызылжұлдыз ауылының мәдени ұйымдастырушысы А.Ражанова, Алуа ауылының мәдени ұйымдастырушысы А.Орынбекова Қайыңды ауылдық мәдениет үйінде өткізілер іс-шараларға қатысып, халық ықыласына бөленіп жүр. Осы сәтте ерекше ілтипатпен Қызылжұлдыз ауылы тұрғындарына, Қызылжұлдыз мектеп ұжымына, мектеп басшысы А.Кеңаралға, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Жүсіпбековаға, таланттыны танып сахнаға баулып жүрген Д.Нығметжанаваға алғыс айтамын. Республика күні мерекесінде Қайыңды, Қызылжұлдыз ауылы өнерпаздары өнер көрсетті. Жылдағы үрдіс бойынша өткізілетін ауыл көркемөнерпаздар байқауында Екідің, Жаңақала, Қайыңды, Қызылжұлдыз, Алуа ауыл өнерпаздары Қайыңды ауылдық мәдениет үйінде өнер көрсетіп, ел ризашылығына бөленді. Ауыл-мемлекет керекесі. Сол ауылда

тіршілік қайнар көзі- мектеп десек, қателеспейтін шығармыз. Ауылда өткізілер әр іс-шараға атсалысар Т. Айтбаев басшылық жасайтын Қайыңды негізгі орта мектебі ұжымына, оқу ісінің орынбасары Б.Гайнуллинаға, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И. Қаржауоваға, осы мектепте сан жылдар еңбек етіп келе жатқан қарт ұстаз «Домбыра сазы» үйірмесінің жетекшісі М. Молдахметовке, жас мамандар М.Ахметовке, А.Жүнісбекқызына, Ж.Қайыроваға, А.Мырзабекке ауыл атынан алғыс айтамын. Ауыл үшін атқарылар әр ісіміз абыройлы болсын.

Кезінде төрт түлігі төскейіне сыймаған, еңбегі мен тірлігі бірге қайнаған, талайға үлгі болған Қайыңды ауылына биыл 60 жыл толды. Осыған орай мәдениет үйінен «Туған өлке тұлғалары» атты қабырға мұражайы ашылды. Қайыңды ауылында кіндік қаны тамып, дүние есігін ашқан, туған жердің аяулы перзенттерін өскелең ұрпақ білсін деген ниетпен жасалынған дүниенің

қазынамыз қарияларымыздың мерекесінде ашылуы да ерекше сәт болды.

Әр басталар істің жанашыры болып, ауылда өткізілер іс-шараларға демеушілік көрсетіп, мәрттік танытып жүрген азаматтарымыз да аз емес. Жақсылықтың жаршысы бола білген жаны жайсаң азаматтарымызға неге алғыс айтпасақ. Арқалық қаласында өткізілген мың домбырашы шарасына қатысушыларға Қайыңды негізгі мектебінің ұстаздар ұжымы, ауыл азаматы Қобыланды Есмағанбет ағамыз ұлтымыздың ұлы аспабы домбыраны сыйға тартты. Өткізіліп жатқан іс шараларға демеушілік көрсеткен А.Сүлейкеевке, Ж.Минзятөвке, Е.Жұмабаевқа, Н. Болжыкеновке, А. Бейсенбаевқа, А.Жұрқабаевқа ауыл тұрғындары атынан алғыс айтамын.

**Мерей ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
Қайыңды ауылының
мәдени
ұйымдастырушысы**